

Облыстық экологиялық-биологиялық орталығы		
Сабақтың тақырыбы: Тамыр. Тамыр түрлері. Тамыр жүйелері. Тамыр бөлімдері		
Күні: 07.12.21		Мұғалімнің аты-жөні: Өмірбайева М.А
Сынып: 5	Қатысқаны: 15	Қатыспағаны: 0
Сабақ мақсаты	<p>Барлық оқушылар: -Тамыр бөлімдерін бір-бірінен ажыратып, өзіндік ерекшеліктерін анықтайды. -Тамырдың түрлерін, өзара ерекшеліктерін атап көрсетеді.</p> <p>Оқушылардың басым бөлігі: Тамыр бөлімдерін бір-бірінен ажыратып, өзіндік ерекшеліктеріне сипаттама береді. -Тамырдың түрлерін, өзара ерекшеліктерін атап өсімдіктің қоректену үшін маңызын ашып көрсетеді.</p> <p>Кейбір оқушылар: -Тамыр жүйесі мен тамыр типтерінің мәнісін ажыратып, өзіндік ерекшеліктерін практика жүзінде талдап зерттейді.</p>	
Бағалау критерийлері	Тамырдың және сабақтың құрылысын талдап, атқаратын қызметтеріне сипаттама бере алады. Тамыр және сабақтың түрлері мен құрылысын және өсімдік үшін маңызын, атқаратын функциясын түсіндіріп талдай алады. Тамыр жүйесі мен тамыр типтерінің мәнісін ажыратып, алған білімін практика жүзінде іске асыра алады.	
Тілдік мақсат	Негізгі терминдер мен сөз тіркестер: Жанама тамыр, қосалқы тамыр, кіндік тамыр, шашақ тамыр, өткізгіш аймағы, сору аймағы	
Құндылықтарды дарыту	1) Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астана баулу: 2) Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім	
Пәнаралық байланыстар	Жаратылыстану, химия, физика	
АКТ қолдану дағдылары	Интерактивті тақтамен жұмыс, дидактикалық карточкалар, көрнекілік құралдары	

Алдыңғы білім	«Дүниетану»және «Жаратылыстану» курсы бойынша оқушылар өсімдіктің негізгі мүшелерімен танысқан. Олардың атқаратын қызметтерін біледі	
Сабақтың жоспарланған кезеңі:	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	<p>Ұйымдастыру (амандасу, оқушыларды түгендеу) Психологиялық ахуал. Шаттық шеңберін құрып « Жүректен жүрекке » тренингі арқылы оқушылар бір-біріне бере отырып жылы тілектерін білдіреді. Оқушылар суреттер бойынша топқа бөлінеді. Зымыран сұрақтар. Өткен тақырыпты қорытындылау.</p>	Суреттер
Сабақтың ортасы 4 мин 7 мин	<p>Ой қозғау. Жаңа тақырыпты түсіндіру.</p> <p>1-тапсырма « Ия – жоқ » 1. Тамыр - өсімдіктің вегетативті мүшесі. + 2. Өсімдік тамыр арқылы топыраққа минералды заттарды таратады. - 3. Тамыр жүйесі беске бөлінеді. - 4. Тамыр – өсімдіктің жер асты мүшесі. + 5. Тамыр оймақшасы тамыр бөліміне кіреді. - 6. Бөліну, өсу, сору және өткізу – бұл тамыр бөлімдері. + 7. Тамырдан жапырақ дамиды. - 8. Тамыр өсімдікті топыраққа бекітеді. + 9. Тамырлар шығу тегіне қарай негізгі, жанама және қосалқы деп бөлінеді. +</p> <p>2- тапсырма « Биологиялық диктант » 1. Тамыр 2. Негізгі, жанама, қосалқы 3. Кіндік, шашақ 4. Тамыр оймақшасы 5. Сору 6. Минералды коректену</p>	Презентация

8 мин

3-тапсырма. Құпияхат

3	6	9	5	1				
10	15	1	13	8	3	13	4	2
9	14	11	13	7	12			

1-Р, 2-У, 3-Т, 4-Н, 5-Ы, 6-А, 7-С, 8-К, 9-М, 10-Қ, 11-Ш, 12-І, 13-Е, 14-Ү, 15-О

Тамыр қоректену мүшесі

3	12	9	11	5		
1	4	2	9	6	2	7
3	2	5	8	10	2	

1-Ө, 2-І, 3-Т, 4-С, 5-Р, 6-Д, 7-К, 8-Е, 9-М, 10-Г, 11-Ы, 12-А

Тамыр өсімдік тірегі

5 мин

4- тапсырма. Жағдаяттар

1. Халық даналығы Бұхар жырауға кедей «Тарыны қай жерге еккенде мол түсім аламын» деп ақыл сұрай барса, ол құрт-құмырсқа жәндіктер қаптап жүрген жазық жерді нұсқап жүріп кетіпті. Сол жерге тары егіп, «шаш етектен келетін» мол түсім алған кедей Бұхарға келіп, неліктен солай нұсқағанын сұрапты. Мұны сіз қалай түсіндіресіз?

2. Құмды топырақта өсетін қарағайдың тамыр жүйесі қос жарнақты өсімдіктерге кіндік тамыр болады. Сонымен қатар оның тамыры ылғалға жету үшін топыраққа терең орналасады. Ал батпақта өсетін қарағайдың тамыр жүйесі шашақ тамырға ұқсайды. Оның тамырлары үлкен ауданды алып жатады, бірақ топыраққа терең орналаспайды. Себебі неде деп ойлайсындар?

Жағдаят тапсырмаларының жауабы:

1. Жәндіктер бар жерде құнарлы, қопсытылған топырақ болады.

2. Құмда ылғал тереңде жатқандықтан, тамыр

4 мин


ұзын болады, батпақта жайылып өседі.

5- тапсырма. Тамыр жүйесін анықтау

Өсімдік аттары	Тамыр жүйесі	
	кіндік	шашақ
Пияз		+
Қауын	+	
Бидай		+
Шие	+	
Сәбіз	+	+
Асқабақ	+	
Құлпынай	+	
Картоп	+	
Сұлы		+
Бидайық		+


5 мин

6- тапсырма. Суреттер де сөйлейді



1 - негізгі тамыр 2 - жанама тамыр 3 - қосалқы тамыр 4-сабақ

1 - бөліну 2 - өсу 3 - сору 4 – өткізу

<p>Сабақтың соңы 2 мин</p>	<p>Рефлексия Жасыл жапырақ -толық түсіндім Сары жапырақ - орташа түсіндім Қызыл жапырақ - маған мұғалімнің көмегі керек Үй тапсырмасы. Тамыр.Тамыр түрлері.Тамыр жүйелері.Тамыр бөлімдері</p>	
--	--	---